


ӨНДІРІС ҚАУІПСІЗДІГІ

ЖҰМЫС УАҚЫТЫНЫҢ ШЫҒЫНЫ БОЛА ТҰРА, ОҚИҒАСЫЗ ӨТКЕН (КЕЛЕҢСІЗ ЖАҒДАЙ БОЛМАҒАН) КҮНДЕР



Графикада әр жылы және 2018 жылдың 10-мамыры аралығында оқиғасыз өткен (келеңсіз жағдай болмаған) күндер көрсетілген. Қызыл түспен орын алған оқиға күндері белгіленген. Бұдан кейін көрсеткіш кері есептелді.

«ЕМБИМУНАЙГАЗ» АҚ: ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ДАМУ ЖОЛЫНДА!

ҮНДЕУ

ЕМГ Басқарма төрағасы Ә.ЕЖАҚСЫБЕКОВТИҢ 2017 жылдың және 2018 жылдың I тоқсанының қорытындыларына байланысты

Компанияның сәтті қызметінің негізгі факторы – өндірістік қауіпсіздіктің сақталуы. Біз бұған дейін де бұл мәселенің өзекті екендігін айтқан болатынбыз. Компания үшін жұмысшының өмірі мен саулығы өте маңызды.

Өкінішке орай, 2017 жылы компаниямызда бірқатар оқиғалар, соның ішінде, соңы қайғылы оқиғаға әкеліп соққан жағдай орын алды. Аталған оқиғаларды саралау жұмыстарының нәтижесі компанияда қауіпсіздік техникасына немқұрайлы көзқарас, соның ішінде, өндірістік нұсқаулықтар мен қағидаларды ескермеушіліктің салдары екендігін, өндірістік құрылымдық бөлімшелер басшылары тарапынан мердігерлер қызметіне тиісті деңгейде бақылау жүргізілмейтінін аңғартты.

Аталған мәселелер бойынша ТАПСЫРАМЫН: барлық басшыларға қауіпсіздік

техникасы мәселесін бақылауды күшейту, еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережесі бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу, бұл бойынша мәліметтердің уақытылығын, объективтілігін, ашықтығын қамтамасыз ету, мердігер мекемелердің жұмысын бақылау.

Өндіріс қауіпсіздігіне қызмет көрсетуші техникалық персоналдан бастап бірінші басшыға дейінгі әр қызметкер ерекше мән беруі керектігін **ЕСТЕРІҢІЗГЕ САЛАМЫН!**

Сіздер, басшы ретінде еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік мәселесіне ерекше көңіл бөліп, қажетті ақпаратты толықтай барлық жұмысшыға жеткізуге міндеттісіздер. Жұмыс орнында кез келген негативті фактілерді жасыруға жол бермеу керек! Кез келген жағдай еңбек пен қоршаған ортаны қорғау департаменті деңгейінде егжей-тегжейлі талданып, өндірісте қауіпті



жағдайдың туындауына әсер еткен факторлар барлық ӨҚБ-ге хабарланып, оларды жою бойынша іс-шаралар жоспары жасқалып, іске асуын бақылау қамтамасыз етілуі тиіс. Нысандарымызда жұмыс жасап жатқан мердігер мекемелердің ұжымдары да – біздің жауапкершілігімізде.

(Басы. Соңы 2-бетте)

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ: ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ДАМУ ЖОЛЫНДА!

ҮНДЕУ

ЕМГ Басқарма төрағасы Ә.ЕЖАҚСЫБЕКОВТИҢ 2017 жылдың және 2018 жылдың I тоқсанының қорытындыларына байланысты

(Соңы. Басы 1-бетте)

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Компания қоршаған ортаға тиетін залалды мейлінше азайту бағытында жоспарлы жұмыстар жүргізуде. ҚР Экология Кодексі талаптарын орындау мақсатында «Ембімұнайгаз» АҚ тарихи ластанған аймақтарды тазарту, қалдық мұнай қорларын қайта өңдеу жобаларына қомақты қаражат бөліп келеді. Сонымен қатар, кәсіпорнымызда іске аса бастаған бағытымыздың бірі радиоактивті саналатын металл қалдықтарын жою болып табылады. 2017 жылға қоршаған ортаны қорғау өндірістік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында **284 млн теңге** қаралып, **265 млн теңге** игерілді.

МҰНАЙДЫ ӨНДІРУ МЕН ТАПСЫРУ

2017 жылы Қоғам бойынша мұнай өндіру жоспары **2 млн 840 мың тоннаға**, тапсыру жоспары **2 млн 806 мың тоннаға** орындалды. 2018 жылдың I тоқсаны бойынша мұнай өндіру мен тапсыру көлемі жоспарлы көрсеткіштерге сәйкес келіп отыр.

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ ЖАҒЫРТУ

Бүгінгі таңда Компания бұл мәселеге ерекше назар аударып отыр. 2017 жылы «Әлеуметтік нысандарды жағғырту» бағдарламасы аясында «Жылыоймұнайгаз» және «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-не **550 млн теңге** қаражат бөлінді.

Бағдарламаның екінші кезеңі – 2018 жылға «Қайнармұнайгаз», «Ембімұнай-энерго», ӨТҚЖЖК басқармалары мен Компанияның басқару аппаратына тауарлы-материалдық құндылықтарды алу үшін **511 млн теңге** қаражат бөлінді.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАМУҒА БАҒЫТЫНДАҒЫ ШАРАЛАР

Компания жыл сайын жұмысшыларды оқытуға, даярлауға және біліктілігін арттыруға қомақты қаражат бөліп келеді:

2017 жылы Компанияның **5 мыңға** жуық жұмысшысы қауіпсіздік техникасы



бойынша міндетті курстық оқудан, **974 қызметкер** даярлау және қайта даярлау курстарынан өтіп, **478 адам** кәсіби біліктіліктерін арттырды.

Компания қазақстандық мамандарды даярлау келісімшартындағы міндеттерін абыроймен өтеп келеді. 2017 жылы **128 студенттің** оқу ақысы төленді. Соның ішінде, Қоғам қызметкерлерінің және әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балалары бар. **306 студентке** өндірістік тәжірибе ұйымдас-тырылды.

«МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ЗЕЙНЕТКЕРЛІК ДЕМАЛЫСҚА ШЫҒУ» БАҒДАРЛАМАСЫ

Ауыр еңбекті қажет ететін жекелеген мамандықтар бойынша мұнайшыларды әлеуметтік қолдау аясында 2017 жылы қолданыстағы «Мерзімінен бұрын зейнеткерлік демалысқа шығу» ережесіне өзгертулер енгізіліп, **58 жас**тан ай сайынғы еңбекақысынан **48%-50%** көлемінде **5 жылға** дейін жәрдемақы алып отыруға мүмкіндік берілді.

2014-2017 жылдар аралығында аталған бағдарлама бойынша **162 қызметкер** зейнеткерлік демалысқа шықты, ал, 2018 жылдың I тоқсанында – **29 қызметкер**.

Саналы ғұмырын Ембінің өркендеуіне арнаған мұнайшыларды қолдауға бағытталған Бағдарлама мүмкіндіктерін пайдаланған жұмысшылардың **40 пайызы** (**75 адам**) – қызметкерлерінің басым көпшілігінің еңбек өтілі **30-40 жылдан** асатын «Доссормұнайгаз» МГӨБ қызметкерлері болып табылады.

ҰЖЫМДЫҚ ШАРТ

Компаниямыз өз қызметкерлерін бәсекеге қабілетті еңбекақымен және

маңызды әлеуметтік пакетпен қамтамасыз етуде. 2017 жылы Компания «2017-2021 жылдарға арналған Ұжымдық шартқа» сәйкес, **3 млрд 909 млн 373 мың теңге** көлемінде өз қызметкерлерінің алдындағы міндеттемелерін орындады. Бұған жыл сайынғы еңбек демалысына қоса сауықтыру төлемдері, баланың дүниеге келуіне байланысты бір реттік төлемдер, құрметті демалысқа шығу, жүктілік пен бала тууға байланысты төлемдер, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін медициналық сақтандыру, ата-аналардың балалардың демалысы үшін сауықтыру лагерьлеріне жұмсала-тын шығындары, компанияның зейнеткерлерін қолдау мақсатындағы әртүрлі төлемдер және тағы басқалар кіреді. Өткен жылы Қазақстан мен Ресей шипажайларында мың жарымға жуық жұмысшы демалды. Осы жылдан бастап қызметкерлеріміз демалу және ем алу орындарын өздері таңдау құқығына ие болды. Компания бір жұмысшының шипажайлық-курорттық демалысының **250 мың теңге** көлеміндегі шығынын өтейді.

ДЕМЕУШІЛІК, ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ КЕЛІСІМШАРТ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН ОРЫНДАУ

Компания әлеуметтік маңызы бар жобалар мен қайырымдылыққа демеушілік көмек ретінде дәстүрлі түрде қаражат аударып келеді. Өткен жылы осы мақсатқа **330 млн теңгеден** астам қаражат бөлінді. Келісімшарт міндеттемелеріне сәйкес Компания Атырау облысының инфрақұрылымын дамытуға белсенді қатысып келеді. Жыл сайын әлеуметтік жобаларды қаржыландыру үшін облыстық бюджетке қаражат аударылуда.

ҚОР ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Жақында «Адами ресурстарды басқару: болашақ ұйымы» тақырыбында өткен XIII Халықаралық HR-конференциясы барысында «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Ахметжан Есімов холдингінің жаңа кадрлық саясатын таныстырды.

«Біріншіден, біз басқарушы деңгейдегі қызметкерлердің санын қысқартып, шағын әрі тиімді басқару құрылымын бекіттік. Бұл шұғыл түрде шешім қабылдауға мүмкіндік береді, яғни, келісім беру процедураларына жұмсалатын уақытты едәуір азайтады. Екіншіден, барлық қоржын компанияларда жұмысқа қабылдау кезінде, кандидаттарды іріктеудің ашықтығын қамтамасыз ететін конкурстық іріктеудің бірыңғай жүйесі енгізілетін болады», – деді «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Ахметжан Есімов.

Сондай-ақ, А.Есімов басқарушы ла-

«САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҰАҚ-НЫҢ ЖАҢА КАДРЛЫҚ САЯСАТЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



уазымына тағайындаудың **сабақтастық қағидаттары** қабылданатынын айтты. Нәтижесінде, компания қызметкерлері арасынан білікті кадрлық резерві қалыптасады. Басқарма төрағасы **шетелдік мамандарды жұмылдыру** мәселесіне де тоқталды. «Самұрық-Қазына» шетелден келген азаматтардың қызметінен толықтай бас тартпайды, дегенмен, олар-

дың орнын басатын мамандарды дайындау – басты назарда: басымдылық жергілікті азаматтарға беріледі.

Басқарма төрағасы сатып алу сәтасына үлкен мән берілетінін айтты. Мәселен, дәл осы бағытта **бос орын қарастырушыларды полиграф көмегімен тестілеуден өткізу мүмкіндігі** қарастырылуда.

Ахметжан Есімов «Самұрық-Қазына» корпоративтік университетіне 1 және 2 деңгейдегі басшылар үшін көшбасшылықтың міндетті бағдарламасын әзірлеуді және ендіруді, компания қызметкерлеріне цифрлық дағдыларды меңгертуді және күнделікті HR-операцияларды Жалпы қызмет көрсету орталығы арқылы орындап, цифрлық форматқа көшіруді тапсырды.

«ЖАҢА АСУЛАРДЫ БАҒЫНДЫРУ»

Ағымдағы жылдың сәуір айында ЕМГ Директорлар кеңесі Компанияның 2027 жылға дейінгі Даму тұжырымдамасын бекітті. Тұжырымдамада ЕМГ бизнесті дамыту, бағдарламалық құжаттарды, қаржылық-экономикалық модельдер (бизнес-жоспарлар) болжамын, тәуекелдерді басқару жүйесін, Компанияның жыл сайынғы бюджетін, инвестициялық жобаларды және т.б. дайындау кезінде басшылыққа алатын шешімдердің ережелері мен қағидалары анықталған.

– Алдыңғы «Ренессанс» стратегиясы Компанияның өндіру мен қор бойынша 2037 жылға дейін, ал, экономикалық көрсеткіштер бойынша 2019 жылға дейінгі дамуын көздейді. Көмірсутек шикізаты үрдісінің нарықтағы өзгерістеріне, Компанияның алдында тұрған стратегиялық міндеттері мен мыңдаған ұжым алдындағы жауапкершілікке байланысты алдағы 10 жылға бағдарламалық құжат қабылдау қажеттілігі туындады, – деп атап өтті **ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ.**

Жаңа Даму тұжырымдамасына сәйкес ЕМГ-нің төмендегідей миссиясы анықтал-

ды: *«Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігі арқылы Компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз».*

Компания «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның мемлекеттік және корпоративтік құндылықтарын негізге ала отырып, өз қызметі үшін маңызды саналатын төмендегі құндылықтарды анықтады:

Адам өмірі – біздің басты құндылығымыз. Өзіміз және әріптестеріміз үшін қауіпсіздік мәдениетін енгізу арқылы жұмысшыларымыздың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету. Жұмысқа келген қызметкер отбасына аман-есен оралуы тиіс.

Әр істі соңына дейін жеткіземіз. Компания алға қойған мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізуге тырысады. Біз жақсы нәтижеге қол жеткізуге ынтасы жоғары жұмысшыларды бағалаймыз.

Туған жер мен Компанияға ұқыпты қарау. Компания қоршаған орта мен Компания мүлкіне ұқыпты қарайтын қызметкерлерді бағалайды.

Кәсібилік. Компания өз жұмысшыларының кәсіби біліктілігін арттыру үшін

ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

барлық жағдай жасауда. Біз білімін жетілдіруге ынтасы бар жұмысшыларды бағалаймыз және кәсіби тұрғыда өсуге бәріне бірдей жағдай жасаймыз.

Этика және жеке тұлғаға деген сыйластық. Компания сыйластық пен сенімге негізделген өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға ұмтылады.

Тұжырымдамада негізгі бөлімдерден бөлек Компанияның келешектегі даму бағыттары, шешімдерді қабылдау кезіндегі Компанияның стратегиялық артықшылығы, Компанияның басымдығы мен шектеуі, инвестициялық және дивидендік саясаты жүргізу, ЕМГ-нің ұзақмерзімді ресурстық базаны жасақтау, жаңа активтерді алу, қолданыстағы кен алаңдарындағы өндіру тиімділігін арттыру, газ бизнесі, өндірістік инфрақұрылым және мұнай сервистік қызметті дамыту жөніндегі жоспарлары көрсетілген. Сонымен қатар, бағдарламалық құжатқа өндірісті автоматтандыру, бекітілген HSE, HR, функционалды стратегиялары, Компания дамуының түрлі жағдайларында Тұжырымдаманы жүзеге асыру қауіптері де қарастырылған.

ҰРПАҚТАР ҰМЫТПАЙТЫН ҰЛЫ ЖЕҢІС

Ұлы Жеңістің 73 жылдығын «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы ұйымшылдықпен атап өтті. Арнайы мерекелік бағдарлама жасақталынып, жоспарға сай бірқатар шаралар жүзеге асты.



Мамыр айымен бірге келетін ерекше күннің бірі – Жеңіс күні. Соғыс өрті сөніп, Жеңіс туы желбірегеніне биыл 73 жыл. Бұл күнді ембіліктер ерекше құрметпен қарсы алды. «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы Ембі өндірісінде ұзақ жылдар еңбек еткен Ұлы Отан соғысының жеті ардагерінің мекен жайларына арнайы барып, қарттарды мерекемен құттықтады. Олардың әрқайсысына азық-түлік себеті мен 200 мың теңге салынған конвертті сыйға тарту етті.

Мерекелік шараның жалғасы Компания бас кеңсесінің жанында орналасқан «Азалы ана» мәңгілік алауына гүл шоқтарын қою салтанатты шарасымен жалғасты. Шара кезінде Компанияның «Жас мамандар» кеңсесінің бір топ мүшесі сонау артта қалған сұрапыл соғыстың ортамыздағы куәгерлері – Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне жыр-шумақтан тілектерін арнады. «Өлімнің өткір жүзінде етігімен су кешкен ата-бабаларымыз бізге көздің қарашығындай етіп тапсыр-

АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

ған қасиетті Жеңіс туы көгімізде мәңгі желбіресін» деп патриоттық жырлардан үзінділер оқыған жастар бейбіт өмірдің белгісі – ақ көгершіндерді ұшырып, көкке ақ шарлар жіберді. Соғыста құрбан болған боздақтар рухы алдында бас иген ардагерлер, тыл еңбеккерлері, интернационал жауынгерлер мен ұжым мүшелері мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойды. Бір минут үнсіздікпен соғыс құрбандарын еске алды.

Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Айболат Габдуллин мерекеге жиналғандар алдында сөз сөйлеп, оларды салтанатты шарамен құттықтады.

– Ембіліктер соғыста қаза тапқан мұнайшы-жауынгерлерді құрметпен еске алып, мұнай кәсіпшіліктерінде қызмет еткен тыл еңбеккерлерінің ерлігін жоғары бағалап, оларға үнемі қамқорлық көрсетіп келеді. Соғыстың алғашқы күндерінде-ақ мыңдаған ембіліктер майданға аттанды. Тылда қалған еңбеккерлер тәулігіне 13-14 сағаттан жұмыс жасап, жеңіске өз үлестерін қосты, – деп атап өтті Айболат Гизатулы.

Мерекелік шара «Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы Жеңіс» атты салтанатты шараға ұласты. Шара кезінде ардагерлерге, тыл еңбеккерлері мен ауған жауынгерлеріне арнайы дастархан жайылып, Орталық аппараттың ұжымы дайындаған концерттік бағдарлама назарға ұсынылды. Компанияның ардагерлері – бүгінде көзі тірі соғыс ардагерлері туралы дайындалған «Ардагерлеріміз – ардақтыларымыз» атты деректі фильм көрсетілді.

Шара соңында ардагерлерге сыйлықтар таратылып, естелік суретке түсті.



ҚУАНЫШТЫ ХАБАР

АМАНГҮЛ КӨПТІЛЕУОВА – «КҮМІС АЛҚА» ИЕГЕРІ

Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығымен әріптесіміз Амангүл Көптілеуова «Күміс алқа» иегері атанды. Жуырда Атырау қалалық әкімдігінде өткен жиында Атырау қаласы әкімінің орынбасары Польшмет Хасанов елдің демографиялық дамуына үлес қосып жатқан бір топ көп балалы аналарды қабылдап, алқаларын табыс етті.

Амангүл Көптілеуова еңбек жолын 1999 жылы Атырау политехникалық институтын тәмамдаған соң «Құлсарымұнайгаз» МГӨБ-да ұңғымаларды терең зерттеу операторы болып бастады. Кейін Қисымбай кен

орнында өндіру цехының операторы, «Ембімұнайгаз» ӨФ-да I категориялы инженер, геология бөлімінің инженері, геология және геофизика департаментінің инженер-геолог қызметтерін атқарды. 2015 жылдан геология және кен орындарын игеру департаментінде инженер-геолог болып еңбек етуде.

Жұмыста кәсіби біліктілігімен, мол жауапкершілігімен ерекшеленіп жүрген Амангүл отбасының да ұйытқысы болып, жолдасы Ғаламат Қозбаховпен бірге алты бала (5 қыз, 1 ұл) тәрбиелеп отыр.



СҮЙІНШІ!



ИСАТАЙДЫҢ КЕЗЕКТІ ЖЕҢІСІ

Жуырда Астана қаласының 20 жылдығына орай Елордада ереже-сіз жекпе-жекпен (MMA) «Battle of nomads-X» халықаралық турнирі өтті. Байрақты бәсекеде 77,100 келі салмақта сынға түскен әріптесіміз **Исатай ТЕМІРОВ** қырғызстандық қарсыласы Манас Темірбековті бірінші раундта-ақ техникалық нокаут арқылы жеңді.

Әріптесімізді жекпе-жекке дайындаған MMA-дан Атырау облысының аға жаттықтырушысы – Берғали БАУЫРЖАН.

Исатайдың бұл додадағы жеңісінен соң кәсіби рекорды 7:1-ді (7 жеңіс, 1 жеңіліс) құрады.

С ПОЧЕСТЯМИ НА ЗАСЛУЖЕННЫЙ ОТДЫХ

В главном офисе Компании прошло торжественное собрание, в ходе которого эмбинцы проводили на заслуженный отдых всеми уважаемого коллегу Кузнецова Николая Петровича.

Выразить слова признательности за труд, верность профессии пришли представители администрации, профсоюзного комитета, коллеги, друзья по работе. Пролетело более 40 лет с тех пор, когда в трудовой книжке Николая Петровича появилась первая запись о начале трудовой деятельности. Наша компания стала первым рабочим местом, за годы стала близкой, родной, вторым домом. Позади

десятилетия работы. Отданы – вся трудовая биография, энергия, знания, чтобы наша Эмба достигла таких высот.

За многолетний труд и весомый вклад в развитие нефтегазового сектора страны Кузнецову Н.П. вручены: заместителем председателя Правления АО «ЭМГ» Габдуллин А. К. – Почетная грамота, поздравительный адресат от АО «РД КМГ» и ценный подарок от Общества, а также финансовым директором-финансовым контролёром Тажмагамбетовой Н. А. – Почетная грамота и поздравительный адресат от АО «ЭМГ».

В этот день Николай Петрович с тре-



ВETERАНЫ ЭМБЫ

петом вспомнил первые годы в рядах эмбинцев:

– Я с теплом вспоминаю свои первые дни в Вышкомонтажной конторе ПО «Эмбанефть». Ведь в нефтянку пришел осознанно, так как с детства не понаслышке знал всё про романтику добытчиков «черного золота». Мои бабушка, папа и мама были нефтеразведчиками и сколько интересных историй и рассказов о трудовых буднях услышал от них, – вспоминает Кузнецов Н.П.

Его добросовестность и высокий уровень профессионализма позволили приобрести заслуженное уважение среди работников коллектива. Именно поэтому за добросовестный труд и большой вклад в развитие Общества Кузнецов Н.П. награжден: Почетной грамотой АО «РД «КазМунайГаз» в 2013 г., Почетной грамотой АО «НК «КазМунайГаз» в 2015 г., Юбилейной медалью Министерства энергетики Республики Казахстан «95 лет АО «Эмбаунайгаз» в 2017 г.

Я ЛЮБЛЮ СВОЮ ПРОФЕССИЮ

эссе (сокращено – ред.)



В жизни каждого человека самое важное то, чем он занимается и очень важно правильно выбрать себе профессию. Мечтая в школьные годы быть учителем русского языка и литературы, закончив 3 курса филологического факультета педагогического института, все-таки судьба привела меня в Эмбу. Понимая, что для того чтобы добиться успеха в работе нужно профильное образование я решила кардинально поменять свою жизнь: перевелась из педагогического института в нефтяной. В ту пору генеральным директором был Камалов Н.Г., который отговаривал меня идти в нефтяную отрасль, убеждая, что место молодой девушки, это медицина, педагогика. **«Ну уж если идти в нефтяники, то иди в геологи».** Так я стала геологом по профессии. Азы минералогии и кристаллографии помню до сих пор.

Но поработать геологом мне не довелось, так как настали 1990-е, в народе лихие, годы становления нашего государства. Это были самые тяжелые годы в жизни страны, Эмбы и конечно каждого человека. Я считаю, как раз в тот трудный период, когда нужно было принимать решения и решать важные проблемы и зародилась моя искренняя любовь к моей профессии. Генеральным директором в тот период был Батырбаев М.Д. По моему личному мнению, именно на долю его управления Эмбой выпали самые трудные годы. В период, когда не только у Эмбы, но и у государства не было денег, нужно было во что бы то ни стало удержаться, не остановить

месторождения, а для этого нужно было приобретать оборудование, материалы, оплачивать услуги ну и конечно элементарно платить работникам заработную плату. Вот как раз для решения этих целей и был открыт коммерческий отдел в функцию которого входило осуществление реализации нефти на экспорт и поставки нефти на НПЗ РК для переработки и путем бартерных поставок нефтепродуктов закуп всего, что было нужно Эмбе для поддержания производства. Нефть Макатских месторождений из-за отсутствия покупателей по причине падения мировых цен, просто наливали в цистерны и ставили в железнодорожные тупики, чтобы не остановить месторождения. На меня было возложена обязанность по обеспечению поставки нефти на переработку в адрес АНПЗ, налаживание схемы взаимозачета путем своевременной отгрузки нефтепродуктов для расчета за поставленные оборудование, материалы и реализация нефтепродуктов.

Испытывая трудности, весь коллектив Эмбы был сплочен и каждый старался на своем месте четко и правильно выполнять работу. Работая в коммерческом отделе мне, совместно с коллегами доводилось искать покупателей на нефтепродукты у кого есть деньги для того, чтобы хоть какую-то часть заработной платы можно было выплатить деньгами, а не мукой и картошкой. Невозможно забыть душевные ощущения в тот момент, когда кто-нибудь из работников Эмбы заглядывал в кабинет и спрашивал: Ну как? Продали?... было тяжело смотреть людям в глаза, как будто себя считая виноватым, что не продали... Молодому поколению слава богу это не знакомо и это большое счастье жить в сегодняшние дни, планировать, мечтать и претворять.

На смену 90-м пришли более спокойные времена, когда настало время в спокойной обстановке выстраивать схемы, формы учета добываемой и реализуемой нефти. Хочется отметить, что за все время работы, сталкиваясь с различными фискальными, контролирующими органами, при проверках, ими всегда отмечалось, что только в Эмбе поставлен такой учет, где все понятно и прозрачно. Схемы, формы и методики реализации нефти и нефтепродуктов, сформирован-

ные в Эмбе, до сих пор используются в таких компаниях как АО «РД «КазМунайГаз», АО «Озенмунайгаз», АО «Мангистаумунайгаз». Опыт и навыки, приобретенные во время работы, связанной с реализацией нефти и нефтепродуктов, были использованы при формировании схемы поставки нефти на переработку на заводы РК при открытии первого торгового дома. Профессиональные качества, приобретенные в Эмбе, позволили мне принять участие в качестве консультанта на проекте: «Разработка и внедрение системы SAP R/3» модуль SD – реализация нефти и нефтепродуктов, частично модуль MM – (материальные потоки) и впоследствии внедрении данного проекта в АО «Эмбаунайгаз», АО «РД «КазМунайГаз», АО «Озенмунайгаз».

В настоящее время совместно с работниками департамента мы совершенствуем существующие бизнес-процессы, пытаюсь тем самым улучшить качество учета нефти и взаимодействие между структурными подразделениями Эмбы. Только когда занимаешься любимым делом могут приходить в голову различные идеи.

Хочу сказать СПАСИБО судьбе за то, что все так сложилось и тот огромный груз ответственности, который пал мне на плечи помог мне вырасти в профессиональном плане и заниматься любимым делом!

Пройдя трудный путь работы в Эмбе сталкиваясь с разными людьми, в полной мере хлебнув и радости побед, и горечь разочарований, поддержку огромного количества добрых теплых людей, с которыми мне доводится работать в Эмбе, я смело могу сказать, что я счастлива в своей профессии, я каждое утро встаю с улыбкой, думая о том, что пойду на работу и ложусь спать с мыслью о том, что завтра меня ждут новые шаги, новые пути и дороги.

Мой жизненный девиз: «Никогда не брать в руки белый флаг», чтобы не было возможности его поднять в любой ситуации. Я очень люблю свою профессию за то, что она делает мою жизнь ярче!!!

Елена МАВРЕШКО,
заместитель директора департамента
реализации нефти и газа ЭМГ

СҰРАҚ-ЖАУАП

1. Биылғы қызметкерлердің демалысын ұйымдастыруда өзгерістер бар ма?

- 2017 жылдың желтоқсан айында өткен профилактикалық тексерудің қорытындысы бойынша 2018 жылдан бастап денсаулығына байланысты тізімге енген қызметкерлерге 250 мың теңге көлемінде қаражат беріледі (бұрын тегін жолдама беріліп келген). Денсаулығына орай тізімге енген қызметкерлер саны - 1737. Бұл қаражатқа қызметкерлер санаторияларда ем қабылдап немес денсаулығын сауықтырулары тиіс. Кейін ем алғандары жөніндегі тиісті құжаттарды Компанияның бухгалтериясына тапсырады.

2. Балалардың жазғы демалысы биыл қалай өтеді?

- 2017 жылдан бастап компания қызметкерлерінің бала-

ларының демалуына 150 мың теңге қаражат беріліп келеді (бұрын тек жазғы лагерь ұйымдастырылатын). Компания бір балаға 150 мың теңге көлеміндегі қаржыны, егер қызметкердің жанұясында 7-ден 14 жасқа дейінгі екі бала болса, екі балаға жылына 300 мың теңге қаражатты төлейді (бір жанұяға екі баладан артық қаражат берілмейді). Бала демалысына бөлінген қаражатқа жол ақысы, демалысының құны кіреді. Егер баланың ата-анасының екеуі де компания қызметкері болса, төлем ата-анасының біреуіне ғана төленеді.

3. Компанияда ұзақ жылдар еңбек еткен ардагерлердің ұйымдастыруға қандай көмектер көрсетіледі?


- Компания өз ардагерлерінің демалысы үшін жылына әр адамға 150 мың теңге қаражат бөліп отыр. Бұл қаражатқа ардагерлердің санаториялардың жолдама құнын өтеу мақсатында жұмсалады. Бүгінде компания есебіндегі 1975 ардагер осы бір реттік көмекті көре алады.

ЕМБІНІҢ ТАБИҒАТЫ

ФОТОЭТЮД

Каспий теңізінің солтүстік, солтүстік-шығыс жағалауын, ұланғайыр жер аумағын алып жатқан Атырау өңірі пайдалы қазбаларымен ғана емес, сонымен қатар, қайталанбас әсем табиғатымен де ерекшеленеді. Газетіміздің бұл санында ембілік кен алаңдарының табиғатының суреттерін назарларыңызға ұсынып отырмыз.

«Фотоэтюд» жаңа айдарымыз бұдан әрі жалғасады. Алдағы уақытта басылымда жариялап отыру үшін Ембі өндірісінің тамаша табиғатын түсірген фотосуреттеріңізбен бөлісіп отыруыңызды сұраймыз (электрондық пошталар газеттің 8-бетінде көрсетілген).



ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС



Жаз маусымының басталуына санаулы күндер қалды. Жаз келді-ыстық келді. Өздеріңізге жақсы мәлім, Атыраудың жазы аптап ыстығымен ерекшеленеді. Ембінің өндіріс алаңдарындағы ауа температурасының сынап бағанасы – 40-45 градусты (кей кездерде одан да жоғары) жиі көрсетеді. Мұндай ыстықта адам ағзасы әлсіреп, жұмысқа деген құлшыныс төмендейді. Жұртшылық арасында кең тараған ұғымға сай «Ыстық өтіп кетті» дейміз мұндайда. Ыстық өтіп кетудің алғашқы белгілері: шектен тыс терлеу, бас айналу, құсу, әлсіздік, пульстің жиі соғуы т.б. Егер осындай әлсіздіктерді сезінсеңіз қолдану керек алғашқы көмектер: салқындау жерге шығыңыз, суық суға малынған орамалды маңдайға басыңыз, киіміңізді ауыстырыңыз. Аптап ыстықта күн астында жиі болатын сәттерде келеңсіз жәйттардың алдын алу үшін не істеуіміз керек?

Ең алдымен, үнемі бас киіммен жүріңіз. Үстіңіздегі киіміңіз ауа райына ыңғайлы – ыстық өткізбейтін матадан

АПТАП ЫСТЫҚТАН ҚАЛАЙ САҚТАНАМЫЗ?

болса тіптен жақсы. Суды жиі ішіңіз. Тәулігіне кем дегенде 2,5 – 3 литр көлемде су ішкен дұрыс. Ішетін суға лимон қоссаңыз пайдалырақ. Кофе, алкогольдік ішімдіктен мүлдем бас тартыңыз. Бұлар дене температурасын көтеріп, адам ағзасын әлсіретеді. Ыстықта кофе, ішімдік пайдалансаңыз қан қысымыңыз көтеріліп, ол инфарк



пен инсультқа ұласуы әбден мүмкін. Сондықтан да, аптап ыстықта бұл су-сындардан толықтай бас тартуға тура келеді.

Ауа райының ыстық мезгілдерінде тез бұзылатын тауарларды, құнарлығы жоғары тағамдарға да өте сақ болған жөн, жарамдық мерзімге сай пайдалану керек. Әсіресе, майлы еттен, кремді торт, салаттың майонез қосылған түрлерінен уақытша бас тартыңыздар. Керісінше жеміс-жидек, жиі пайдаланғандарыңыз жөн. Ауа райының ыстық мезгілдерін-

де тағамға тұзды аз мөлшерде қосу қажет. Тұз тамақтың қорытылуын тежеп, дене температурасын көтереді. Қысқасы, жеңіл қорытылатын тағамдарды ас мәзіріне көбірек енгізген дұрыс.

Алыс сапарға автокөлікпен шыққан кезде кемдегенде 5 литр ішетін су алып жүру керек.

Сынап бағанасы жоғары температураны көрсеткен кезде көбірек көлеңкеде болуға тырысыңыз. Ғимаратқа кірген кезде бірден кондиционерге жақындамаңыз. Есіңізде сақтаңыз: аптап ыстықтың өзінде кондиционерді 18 градустан төмен түсірмеңіз. Дәрігер мамандардың кеңесі бойынша дала мен бөлменің температурасының айырмашылығы 10-15 градустан аспағаны жөн.

Ауырмаңыз. Ол үшін қорғану шараларын меңгеріңіз. Сәттілік тілейміз.



МЕНШІК ИЕСІ «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ



Шығарушы:
қоғаммен байланыс қызметі

<https://www.facebook.com/100016808373445>

https://www.instagram.com/ao_embamunaigas

<https://t.me/embamunaigas>

www.emba.kz

РЕДАКЦИЈАЛЫҚ КЕҢЕС:

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ – «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы; **Айболат ГАБДУЛЛИН** – Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары; **Қайрат ӘДІЛБЕКОВ** – Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары; **Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА** – Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары; **Бауыржан БАЛЖАНОВ** – Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары; **Сәлімжан НАҚПАЕВ** – әлеуметтік саясат жөніндегі Басқарушы директор; **Ильяс САРЫБЕКОВ** – еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры; **Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА** – қоғаммен байланыс қызметінің менеджері; **Ғалия ҚАРАЖАНОВА** – қоғаммен байланыс қызметінің жетекші маманы; **Айгүл ЕРТЛЕУОВА** – қоғаммен байланыс қызметінің маманы; **Қарасай ТУЛЕГЕНОВ** – қоғаммен байланыс қызметінің маманы

ХАТ-МАТЕРИАЛДАРЫҢЫЗДЫ ТӨМЕНДЕГІ МЕКЕН-ЖАЙҒА ЖІБЕРЕ АЛАСЫЗДАР:

Атырау қаласы, Ш.Уәлиханов көшесі, 1-үй, ЕМГ АҚ бас кеңсесі, 105 кабинет

СҮЛЕЙМЕНОВА Лаура
8 (7122) 99-34-77
L.Suleimenova@emg.kmgcp.kz

ҚАРАЖАНОВА Ғалия
8 (7122) 99-34-21,
G.Karajanova@emg.kmgcp.kz

ЕРТЛЕУОВА Айгүл
8 (7122) 99-32-09,
A.Ertleuova@emg.kmgcp.kz

ТУЛЕГЕНОВ Қарасай
8 (7122) 99-34-80
K.Tulegenov@emg.kmgcp.kz